11-6/756
06.09.2018

**Облыстардың,
Астана, Алматы,
Шымкент қалаларының
білім басқармалары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы әзірлеген «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2018-2019 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқаулық хатты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі қызметкерлерінің жұмыс барысында қолдануы үшін жолдайды.

Қосымша: 66 п.

**Директор** **Ш. Каринова**

*М. Андыбаева*
*8 (7172) 74 20 65*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА 2018-2019 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

**Астана, 2018**

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2018-2019 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Астана: 2018. - 33 бет.

Әдістемелік нұсқау хат 2018-2019 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогикалық қызметкерлеріне: меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтарына әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

Аталған әдістемелік нұсқау хат «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2018 жылғы 14 тамыздағы №5 хаттама).

## Жалпы ережелер

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесінің алдына «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Мектепке дейінгі білім беруге балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше үйрену дағдысы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет» міндеті қойылды.

Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының 2018-2019 оқу жылында меншік нысаны мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан барлық түрлерінде білім беру процесі балаларды мектепте оқуға табысты дайындауға сапалы білім беру қызметін ұсынуға бағытталған.

Аталған мақсатты іске асыру үшін 2018-2019 оқу жылына келесі міндеттер айқындалды:

- балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту;
- балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу («Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Туған жер» кіші бағдарламасы);
- ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқу дағдыларын дамыту;
- балалардың тарихқа, табиғатқа, мәдениетке және туған өлкенің бай мұрасына сүйіспеншілігін қалыптастыру;
- балаларды мектепте оқуға мақсатты түрде дайындау.

Білім беру процесін ұйымдастыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу ұсынылады (*1 қосымша*):

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақтан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқстандағы №557 бұйрығы) ( бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспары);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақтан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы);
- Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығы);
- Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы);

- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы) және басқалары.

**Білім беру процесінің ерекшеліктері**

Білім беру процесі перспективалық жоспарға, циклограммаға сәйкес жүзеге асырылады. Балалардың дамуын қадағалау үшін түрлі жас кезеңдерінде мониторинг жүргізіледі.

Табысты жоспарлау шарттары:

- жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін айқындау;

- Үлгілік бағдарламаның мазмұнын білу;

- қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін тиімді құралдарды, әдістерді таңдау;

- жоспарланған кезеңнің соңында қол жеткізілуі тиіс жұмыстың нәтижелерін нақты ұсыну;

-жоспарлау кезінде педагогтердің өз жұмысының деңгейін әділ бағалауы болып табылады.

Перспективалық жоспар өтпелі тақырыптарға сәйкес бір жылға құрылады *(3 қосымша).*

Педагог өтпелі тақырыптарды таңдауда (4 *қосымша*) өңірлік ерекшеліктерге, балалардың жастарына, мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытына, халықаралық және республикалық маңызы бар мереке күндеріне бағдар жасай отырып, шығармашылық құзыреттілігін танытуы тиіс. Әрбір жас тобы үшін таңдалып алынған өтпелі тақырыптар педагогикалық кеңесте келісіледі және бекітіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыруды балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру салаларының («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді.

Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмма құрылады (5 *қосымша*). Циклограммада Санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібі сәтінің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы анықталады.

Педагогтер ұйымдастырылған оқу қызметі мен күн тәртібі сәттерінің білім беру міндеттерін анықтауда тәсілдерді өзгертуі қажет: оларға балаларды оқыту ұсынылмайды, өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беру.

Серуендерді, гимнастиканы (таңертеңгі, саусақ, артикуляциялық және т.б.), ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды, квест ойындары және

т.б.) ұйымдастыру үшін түрлі картотекаларды қолдану ұсынылады. Картотекадағы карточкалар циклограммаға қосымша болып табылады.

Әдіскер тәрбиешілердің циклограмманы сапалы және уақытылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстар мен ескертулер енгізе отырып, тексерілген күнін көрсетіп, жүзеге асырады (*6 қосымша*).

Мониторинг жүргізу – педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтауды қарастырады.

Мониторингтің мақсаты:

-баланың жетістіктерін қадағалау;

- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;

-түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;

-баланың Үлгілік бағдарларма мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Мониторинг нәтижелері «Бақылау парағында» (*7 қосымша*) толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының (*8 қосымша*) «Түзету іс-шаралары» бөлімінде диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады.

Диагностиканы ұйымдастыру және жүргізу механизмі, балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін есептеу әдістемесі «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарында» толық баяндалған және «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының www.rc-dd.kz . порталына орналастырылған.

Мониторинг мынадай сызба бойынша жүргізіледі:

- әрбір баланың даму нәтижелері;
- топтың жалпы даму нәтижелері;
- мектепке дейінгі ұйым бойынша балалардың даму нәтижелері;
- аудан, қала, облыс, республика бойынша балалардың даму нәтижелері.

Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

1)1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыс балаларды сауықтыруға, шынықтыруға, дене дамуына және өтілген бағдарлама материалын бекітуге бағытталады.

Балаларды жазғы кезеңде сауықтыру жүйесі қамтиды:

-дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.);

- тиімді тамақтануды ұйымдастыру;

- шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б.).

Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін қамтиды.

*Балаларды дамыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық шарттарына қойылатын талаптар*

- педагогикалық процесте балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілетін жұмыстың формалары мен әдістерін қолдану;
- мектепке дейінгі ұйымның барлық педагогтері мен мамандарының және ата-аналардың балалармен өзара іс-әрекеті негізінде әрбір баланың қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне бағытталған білім беру қызметін құру;
- балалардың бір-біріне деген оң, тілектестік қарым-қатынасын ересектердің қолдауы;
- ересектердің балаларға құрметпен қарауы, балалардың өзін-өзі оң бағалауын, өздерінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне деген сенімділіктерін қолдау;
- диагностика жүргізуге және түзету жұмыстарын дамытуға, сондай-ақ балаларды әлеуметтік бейімдеу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- білім беру процесінде Оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу-әдістемелік әдебиеттерді қолдану;
- педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін арттыру;
- Іс-шараларды өткізу туралы Ережеге сәйкес ата-аналар жиналыстарында іс-шараларды (мерекелер, ертеңгіліктер, бос уақыт) өткізу тәртібін талқылау және бекіту. Әрбір мектепке дейінгі ұйымда болуы тиіс аталған құжатқа іс-шараларды ұйымдастыру, ата-аналардың қатысу тәртібін және оларды өткізу ережесін және т.б. енгізу керек;
- баланы тәрбиелеу мен дамытуда, оның ішінде инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға кеңес беру;
- іс-шараларды өткізуде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі қызметтер (фото, - бейне түсірілімдер, аниматорлар және т.б.) көрсету үшін бөгде адамдардың қатысуына жол бермеу;
- іс-шараларды өткізуде ата-аналардың шығындалуын болдырмау (туған күндер, балабақшаны бітіруге арналған ертеңгіліктер және т.б.);
- мектепке дейінгі ұйымдарда гаджеттерді пайдалануға (смартфондар, планшеттер және т.б.), балалардың денсаулығына және физикалық дамуына теріс ықпал ететін, психикалық бұзылыстарға, шығармашылық белсенділіктің төмендеуіне, сөйлеудің дамуын тежеуге және басқа да жағымсыз әрекеттерге әкеп соғуы мүмкін телевизиялық хабарларды (мультфильмдерді) көруге тыйым салу.

*Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын талаптар*

Ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлауда мынадай ұстанымдарды сақтау ұсынылады:

- Үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесін сақтау (ұйымдастырылған оқу қызметінің саны мен ұзақтығы Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі, вариативті компонент күннің екінш жартысында өткізеді);

- білім беру процесінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестілігі (анағұрлым ақыл-ойға салмақ түсіруді талап ететін ұйымдастырылған оқу қызметтерін аптаның ортасында белсенді қимыл әрекеті бар ұйымдастырылған оқу қызметімен алмастырып жоспарлау);

- күн тәртібі сәттерін өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық, дидактикалық талаптарды ескеру;

- өңірлік және климаттық ерекшеліктерді ескеру (серуендерді, шынықтыру мен сауықтыру іс-шараларын, ертеңгіліктерді және т.б. өткізу кезінде);

- балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру;

- тәрбиелік, оқыту, дамыту міндеттерінің өзара байланысы, оларды ұйымдастырылған оқу қызметтері және басқа да әрекет түрлерінде іске асыру;

- балалардың эмоционалдық жеңілденуі бойынша жұмыс түрлерін өткізу (психогимнастика, релаксация, түс терапиясы, музыка және т.б.);

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кіріктірілген түрлерін жоспарлауда барлық педагогтердің өзара ықпалдастығы.

*Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің құжаттаманы рәсімдеуіне қойылатын талаптар:*

Іс қағаздарының жүргізілуі мен дұрыс ұйымдастырылуына, құжаттардың мезгілінде орындалуы және олардың сақталуына жауапкершілік мектепке дейінгі ұйым басшысына және штаттық кесте бойынша тиісті қызметкерге жүктеледі.

Ұсынылатын құжаттама тізбесі:

Тәрбиешінің құжаттары:

1) қатысу табелі;

2) «Балалардың әлеуметтік картасы» журналы *(электронды түрде)*;

3) бір жылға арналған перспективалық жоспар;

4) циклограмма (аптаға арналған);

5) диагностика материалдары: Бақылау парағы, Баланың жеке даму картасы *(электронды түрде);*

6) топтың ата-аналар жиналысының хаттамалары.

Әдіскердің құжаттамасы:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер;

2) МДҰ жылдық жұмыс жоспары *(көшірме)*;

3) ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, қосымша білім беру қызметтерінің кестесі;

4) жұмыс, жас топтары бойынша перспективалық жоспарлар;

5) әдістемелік кеңестердің хаттамалары және оларға қатысты құжаттар;

*6)* әдіскердің бір айға арналған жұмыс жоспары*;*

7) педагог кадрлардың біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыс жоспары;

8) педагог кадрларды аттестаттау бойынша материалдар;

9) мектепке дейінгі ұйым бойынша балалардың біліктері мен дағдыларын бақылау бойынша мониторинг материалдары (*электронды түрде*).

Басшы құжаттамасы:

1) мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер;

2)жылдық жұмыс жоспары;

3) МДҰ педагогикалық кеңестерінің хаттамалары;

4) жалпы ата-аналар жиналысының хаттамалары;

5) МДҰ Жарғысы;

6) ішкі бұйрықтар мен өкімдер;

7) ішкі тәртіп ережесі;

8) МДҰ қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері;

9) техникалық қауіпсіздік бойынша құжаттар;

10) Азаматтық қорғаныс пен Төтенше жағдай құжаттары (жоспарлар, ақпараттар, хат алмасулар).

**«Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы** мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметкерлеріне және ата-аналарға көмек ретінде мынадай материалдарды әзірлейді және www.rc-dd.kz. сайтына орналастырылады (*9 қосымша*) :

- педагогикалық процесті ұйымдастыру бойынша әдістемелік материалдар;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Туған жер» кіші бағдарламасын іске асыру бойынша өткізілген іс-шаралар туралы ақпараттар, ерте жастағы балаларды күту және дамыту, оларда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру бойынша ақпараттар;
- педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету және олардың үздік тәжірибелерін тарату мақсатында «Дана бала» электронды ғылыми-әдістемелік журнал шығарылады.

*1қосымша*

**Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқықтық құжаттардың тізбесі**

Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім беру қызметін қамтамасыз етуде қажетті жағдайларды жасау мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқытық құжаттардың тізбесі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 заңы.
3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы.
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы.
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
6. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
7. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы.
8. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 615 бұйрығы.
9. «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою», «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарттары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 қаулысы.
10. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы.
11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.
12. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.
13. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге

мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы.

14. «Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы № 337 бұйрығы.

15. «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

16. Мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 ҚРҮҚ.

17. «Мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР БҒМ 2013 жылғы 29 мамырдағы № 206 бұйрығы.

18.«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы.

19. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

20. Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесі, ҚР БҒМ 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығы.

*2 қосымша*

**Мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінің үлгісі**

| Күн тәртібінің бөліктері | Балалардың жасы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2–3 | 3–4 | 4–5 | 5–6 | 6–7 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Қабылдау, қарау, ойындар, таңғы жаттығу | 7.30 - 8.00 | 7.30 - 8.00 | 7.30 - 8.00 | 7.30 - 8.00 | 7.30 - 8.00 |
| Таңғы ас | 8.00 - 8.40 | 8.00 - 8.40 | 8.00 - 8.30 | 8.00 -8.30 | 8.00 -8.30 |
| Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | 8.40 - 9.15 | 8.40 - 9.15 | 8.30 - 9.00 | 8.30 -9.00 | 8.30 -9.00 |
| Ұйымдастырылған оқу қызметтері (үзілістерімен бірге) | 9.15 - 9.45 | 9.15 – 10.20 | 9.00 - 10.10 | 9.00 -10.55 | 9.00 -11.15 |
| Серуенге дайындық | 9.45 -10.05 | 10.20 - 10.40 | 10.10 - 10.30 | 10.55-11.10 | 11.15-11.30 |
| Серуен | 10.05-11.30 | 10.40 - 12.00 | 10.30 - 12.00 | 11.10-12.30 | 11.30-12.30 |
| Серуеннен оралу | 11.30 - 11.50 | 12.00 - 12.20 | 12.00 -12.20 | 12.30 -12.40 | 12.30 -12.40 |
| Түскі ас | 11.50 - 12.30 | 12.20 - 13.00 | 12.20 - 13.00 | 12.40 -13.10 | 12.40 -13.10 |
| Ұйқы | 12.30 - 15.00 | 13.00 - 15.10 | 13.00 - 15.10 | 13.10 -15.10 | 13.10 -15.10 |
| Біртіндеп ояту, ауа, су шаралары | 15.00 - 15.30 | 15.10 - 15.40 | 15.10 - 15.40 | 15.10 -15.40 | 15.10 -15.40 |
| Бесін ас | 15.30 - 16.00 | 15.40 - 16.10 | 15.40 -16.10 | 15.40 -16.10 | 15.40 -16.10 |
| Ойындар, дербес әркет | 16.00 - 16.20 | 16.10 -16.30 | 16.10 -16.30 | 16.10 - 16.40 | 16.10 - 16.40 |
| Серуенге дайындық | 16.20 - 16.40 | 16.30 - 16.50 | 16.30 -16.50 | 16.40 -16.50 | 16.40 -16.50 |
| Серуен | 16.40 - 17.40 | 16.50 - 17.50 | 16.50 - 17.50 | 16.50 - 17.50 | 16.50 - 17.50 |
| Серуеннен оралу | 17.40- 18.00 | 17.50 - 18.00 | 17.50 - 18.00 | 17.50-18.00 | 17.50-18.00 |
| Балалардың үйге қайтуы | 18.00 - 18.30 | 18.00 - 18.30 | 18.00 - 18.30 | 18.00 - 18.30 | 18.00 - 18.30 |

*3 қосымша*

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР (үлгі)**

**Бірінші кіші топ** 2018 жыл желтоқсан айы **Өтпелі тақырып:** «Жайнай бер, Қазақстаным!»

**Мақсаты:** Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін ояту.

**Міндеттері:**

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныш сезімдерін, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

| | **«Денсаулық»-3** | **Коммуникация-1** | **Таным- 2** | **Шығармашылық- 3** | **Әлеумет-0** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | Сенсорика-0,5<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Сурет салу-1,<br>Мүсіндеу-0,25<br>Аппликация-0,25;<br>Музыка – 1,5 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Ұзындығы 2,5-2м, ені 20 см тақтай бойымен жүру.<br>Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіру.<br><br>2.Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру.<br>Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы себетке допты дәлдеп лақтыру.<br><br>3. Құрсаудың ішіне қос аяқпен секіру.<br>Кедергілер арасынан жүгіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Менің атам» Елбасы туралы суреттерді қарастыру | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Бәйтерек»<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Туған өлке жануарлары. Түйемен таныстыру | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Желбірейді байрағым» саусақпен сурет салу<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің атам»**<br>Ән тыңдау: Әй-әй, ата!» Ө.Байділдаев<br>Ән айту: «Туған жер» Қ.Қуатбаев<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» Б. Қуатбаев<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Туған жер сүйемін»**<br>Ән тыңдау: «Менің Отаным» Ө.Байділдаев<br>Ән айту: «Туған жер» Қ.Қуатбаев<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құлыншақтар биі» | Туған елге, Елбасына деген жағымды қарым-қатынасты орнату, адамгершілік, патриоттық сезімдерін ояту |
| 2 апта | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Еденде ирелеңдеп жатқан жіптің үстімен жүру.<br>Сызықтардың, жіптердің арасымен жүгіру.<br>2.Бағдар бойынша кілемнің бойымен жүріп келіп, бір орында баяу айналу.<br>3.Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Отан» Е.Өтетілеуұлы<br>«Отан» өлеңін оқып беру | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көпір»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Табиғат туған үйіміз» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Бәйтерек»<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** . «Менің Қазақстаным»<br>Ән тыңдау: «Қазақстан» С.Мұхаметжанов, Ғ.Жұмабаев.<br>Ән айту: «Туған жер» Қ.Қуатбаев<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сылдырмақтар биі»<br><br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы:** «Туған өлкем» | Айналасындағы адамдар мен заттарға, табиғатқа қамқорлық танытуға, мейірімді болуға баулу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3 апта** | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Бір сызықтан қос аяқпен секіру.<br>Допты себетке лақтыру.<br>2.Төрттағандап тақтайдың үстімен жүріп, бірнеше кедергіден (лента, текше) өту.<br>3.Шеңберден шеңберге аттау.<br>Допты қағып алу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Менің құтты мекенім» (сурет бойынша әңгіме құрау) | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Әсем қалам Астанам»<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Туған өлке табиғаты» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Қазақтың ұлттық тағамы - бауырсақ»<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз»**<br>Ән тыңдау: «*Әлди,әлди,бөпем-ай*» Б.Аманжол, Г.Аманжол.<br>Ән айту: «Туған жер» Қ.Қуатбаев<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құлыншақтар биі»<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Шырша жыры»<br>Ән тыңдау: «Сәлемет пе,Аяз ата» Б.Дәлденбай, И.Сапарбай<br>Ән айту: «Жасыл шырша жанында» К.Қуатбаев, А.Асылбек.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ұлпақарлар» биі | Туған өлкенің табиғатына, айналасындағы адамдарға сүйіспеншілік танытуға баулу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **4 апта** | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>1.Шеңбер бойымен жүру.<br>30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру.<br>2.Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру.<br>Бір сызықтан қос аяқпен секіру.<br>3.Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру.<br>Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Туған өлкем»<br>С. Сейфуллиннің «Туған өлкем» өлеңін оқып беру | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Бәйтерек»<br><br>***Жаратылыстану***<br>**Тақырыбы:** «Қыстайтын құстар» құстардың қысқы тіршілігін бақылау | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Күннің нұры»** дөңгелек және түзу сызықтарды салу<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Мен бақытты балақан»<br>Ән тыңдау: «Құлыншақ» Ә.Бәйділдаев<br>Ән айту: « Балақан мен алақан » А.Асылбеков<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Қонжықтар» биі<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Аққала» | Еліміздің рәміздерімен таныстыру, Отанға деген мақтаныш сезімдерін ояту |

*4 қосымша*

**Перспективалық жоспар құруға арналған өтпелі тақырыптар:**

1. «Балабақша» – балаларда әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі ұйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.
2. «Менің отбасым» – отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.
3. «Дені саудың жаны сау» – баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған.
4. «Менің Қазақстаным» - балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды, білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру, жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттер, ойлау мен қиялдауды қалыптастыру.
5. «Елін сүйген – Елбасы» – балалардың Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың өмірі мен қызметі туралы білімін кеңейтуді жалғастыру. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет ретінде дамуында Президенттің рөлін қалыптастыруға ықпал ету. Балаларда рухани адамгершілік құндылықтарды дамытуға болысу. Отанға және Президентке деген патриоттық сезімді тәрбиелеу.
6. «Табиғат әлемі» - тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты карауға және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.
7. «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» - Наурыз мерекесі, қазақ халқының салттары мен дәстүрлері, бұл Қазақстан халқының мерекесі екендігі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Ауызекі сөйлеуді, зейінді, есті, көргені туралы айта білуді дамыту. Туған өлкеге, қазақ халқының дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.
8. «Бізді қоршаған әлем» – қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

9. «Менің туған өлкем» - балалардың туған жер, қала және облыс, туған өлкенің құндылықтары мен әсемдігі туралы білімін кеңейту, өлкенің пайдалы қазбалары туралы алынған білімін бекіту, суреттер бойынша тануға және туған жердің көрікті жерлері мен көшелері туралы айта білуге үйрету.

10. «Салт-дәстүрлер және фольклор» – қазақ халқы тұрмысының салт-дәстүрлері мен ерекшеліктері туралы түсініктер беру, бала тұлғасының рухани-адамгершілік негіздерін қалыптастыру, эмоциялар, сезімдер, ойлауды, қоғамда әлеуметтік бейімделу механизмдерін дамыту, балаларды төзімділікке, ұлттық және дінге шыдамдылық рухында тәрбиелеу.

11. «Туған өлкенің табиғаты» - туған өлкенің өсімдіктер және жануарлар әлемі туралы білімін жалпылау. Туған өлкенің қорықтарымен, су қорларымен, өсімдіктер мен жануарлардың қорғалатын түрлерімен таныстыру. Туған өлкенің табиғатына саналы қамқорлықты, оны күту мен қорғауға ынтасын қалыптастыру.

12. «Туған өлке байлықтары» - туған өлкені зерттеуге қызығушылықты, қорытынды жасай білуді дамыту. Туған өлке табиғатына мақтаныш, сүйіспеншілік, жауапкершілік сезімдерін, оның байлығына, оған қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу.

13. Біз еңбекқор баламыз» – қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарау; балалардың сөйлеуін дамыту.

14. «Әрқашан күн сөнбесін!» – балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін жақын адамдарына сүйіспеншілік, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған еліне, қаласына, ауылына құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеу.

15. «Өнер көзі – халықта» – балалардың көпұлтты Қазақстан Республикасы ретінде Қазақстан туралы білімін кеңейту, өз елінің өткені мен келешегіне қызығушылықты, білуге құмарлықты және бақылағыштықты дамыту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

16. «Мен және қоршаған орта» – табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, адамдар және олардың мамандықтарымен таныстыру.

17. «Тірі және өлі табиғат» – тірі және өлі табиғатпен таныстыру, табиғатпен өзара әрекет ету, оларға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру.

18. «Жабайы табиғат әлемі» – Жер планетасындағы флора мен фаунамен таныстыру, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру.

19. «Біз мектепке барамыз» (мектепалды даярлық топқа арналған) – балалардың мектепке табысты оқуына жағдай жасау, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық, ізденушілік-танымдық, көркем-эстетикалық, дене бітімі дағдыларын дамыту.

20. «Қош келдің Алтын күз!» – күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен

(оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, күрең күз – көкөніс, жемістер, астық өнімін жинау мезгілі.

21. «Қызықты қыс мезгілі!» – қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

22. «Алғашқы тамшылар» – көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарымен, көктемдегі жеміс-жидектерді отырғызу, көктемде жыл құстары оралады және т.б. таныстыру.

23. «Жайдары жаз келді!» – жаздағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен,адам ағзасына жеміс-жидектер арқылы берілетін табиғат дәрумендерінің пайдасын таныстыру.

24. «Жомарт күз» - бау, бақша мен алқаптардан жиналатын астық туралы балалардың білімін қалыптастыру, еңбек адамдары мен еңбек нәтижелеріне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

25. «Ас атасы – нан» - балаларға нан туралы түсінік беру: тұқым себуге дайындық, бидай егуге алқапты дайындау процесі, астықтың өсуі туралы, нанды пісіру процесі, тоқаш-нан өнімдерінің пайдасы, наубайшы мамандығы туралы.

26. «Қазақстанның жыл құстары» - балалардың жыл құстары, олардың ұшу себептері, жыл құстарының ұя салау және қыстау орындары аралығында жиі маусымдық ұшуы туралы білімін қалыптастыру.

27. «Жайнай бер, Қазақстаным!» - балалардың Қазақстан, Отаны, туған жері, анасы, әкесі, балабақша мен достарының бақытты тұратын мекені үшін сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімдерін қалыптастыру.

28. «Алақай, қыс келді!» - табиғаттағы маусымдық өзгерістерді тану және атау, қыс қызықтарын: шана, коньки, шаңғы тебуді ұйымдастыру.

29. «Қазақстанның қыстайтын құстары» - балалардың табиғат пен оны мекендеушілерге танымдық қызығушылығын, жылы жаққа ұшпай, туған өлкесінде жыл бойы қалатын қыстайтын құстар туралы, олардың қыста азық табу қиындығы, оларға қиын кезде көмек көрсету қажеттігі туралы танымын қалыптастыру.

30. «Қыс қызығы» - жылдың қыс мезгілінде балаларды шымыр болуға, қармен ойнауға, мұзда сырғанауға, аққала жасауға, шаңғы, коньки мен шанамен сырғанауға баулу.

31. «Қош келдің, Жаңа жыл!» - Жаңа жылды қарсы алудан, көп күткен мерекеден, шыршадан, Аяз ата мен Қарша қыздан, жаңажылдық киімдерден, сыйлықтардан, ертегіден, жаңа жылдық мерекеге дайындалудан, жаңажылдық өлеңдер, әндер, билерді үйренуден балалардың жағымды эмоциясын қалыптастыру.

32. «Күз сыйы» - жыл мезгілдері, күз, жылудың аздығы, күннің көзі шығып тұрса да, жылулығы жоқтығы туралы тану, алайда күз сыйы жарқын, түрлі, ашық түсті болатынын, гүлдер, жапырақтар, бұтақтар, жидектер, көкөніс пен жемістер – күз сыйы екенін түсіндіру.

33. «Жаңа жылдық сыйлықтар» - балалардың жағымды эмоциясы мен іс-әрекетін қалыптастыру, туыстары мен достары үшін сыйлықтар дайындау, өз қолымен жасалған сыйлықтар дайындау, өз қолымен ерекше сыйлықтар жасауға үйрену.

34. «Аңдардың қысқы тіршілігі» - балаларда жанашырлық сезімін, көмек көрсету ниетін тәрбиелеу, аңдар мен құстардың қыстауы, көптеген құстар мен аңдарда жаңа қауырсын мен жүн өсетіні, түстері өзгеретіні, көптеген жабайы аңдардың ұйқыға жататыны, орманды мекендейтіндер суықтан қарда қорғанатыны туралы білім алу.

35. «Қардың пайдасы» - балаларды қар қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, қардың қатты аяздан жерді, ағаш, көпжылдық гүлдердің тамырларын қорғайтыны, мұз қалашығының құрылысын салуға, шанамен, шаңғымен сырғанау, қыс мүсіндерін жасау, қар атысып ойнау үшін қажеттігін түсіндіру.

36. «Көктем жаршысы – құстар» - табиғатта болып жатқан өзгерістер, көктемнің келгені мен жыл құстарының өлкелеріне ұшып келуі, ұя салуы, балапандар басып шығаруы туралы түсініктерін қалыптастыру.

37. «Жылғалардан су ақты» - жыл мезгілдерін анықтай білу, көктем белгілерін білу, көктем ерте түскенде қардың еруі, күн көзінің жылуымен оның жылғаларға айналуы, олардың мөлдір өзенге құйылуы, табиғаттың оянуы, алғашқы бәйшешектердің шығуын білу.

38. «Қазақстанның ғарышкерлері» - балалардың ғарыш, зымыран, спутник, ғарышкерлер туралы түсініктерін қалыптастыру, балалардың ғарышқа қызығушылықтарын тәрбиелеу, оның құпияларын білуге ұмтылу, Жерді қоршаған планеталар, Күн, Ай, олардың қозғалысы, Күннің Жерге адам, өсімдік пен жануарларға қажетті жылу мен жарық беретіні туралы дұрыс түсіндіру.

39. «Жер-Ана!» - балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту, Жер – біздің ортақ үй екенін, мұнда өзен, көл, теңіз бен мұхит, тау, жазық дала, орман мен алқаптар бар екенін түсіндіру.

